



## **«Болашаққа бағдар»**

**(Педагог - кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұсынымдар)**

**Орал - 2023**

**Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы  
Білім беруді дамыту орталығы**

## **«Болашаққа бағдар»**

**(Педагог - кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұсынымдар)**

2023 ЖЫЛ

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының  
Білім беруді дамыту орталығының сараптама кеңесінде қаралып,  
облыс педагогтарына таратуға ұсынылды.  
Хаттама №1 27.01.2023 жыл

**Жинақтаған:**

**Г.Сериккалиева** – БҚО ББ Облыстық білім беруді дамыту орталығының тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы

**А.Қожанғалиев** – БҚО ББ Облыстық білім беруді дамыту орталығының тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбие жұмысы бөлімінің әдіскері

Әдістемелік ұсынымдардың мазмұны орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру жүйесінің педагог - кәсіби бағдар берушілерге арналған

## Мазмұны

1	Кіріспе	4 бет
2	Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмысы	5 бет
3	Нормативтік құқықтық сүйемелдеу	8 бет
4	Педагог-кәсіби бағдар берушінің лауазымдық міндеттері	8 бет
5	Кәсіби бағдарлау түрлері	11 бет
6	Кәсіби бағдар беруші педагогтің оқу жылына арналған үлгі жұмыс жоспары	13 бет
7	Білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикалау бойынша ұсыныстар	17 бет
8	Білім алушының кәсіптік бағдары картасы	20 бет
9	2022-2023 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысының үлгі жоспары	23 бет
10	Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама	27 бет
11	Кәсіптік бағдарлау мүдделерін анықтау бойынша сауалнама	28 бет
12	Глоссарий	29 бет
13	Қорытынды	31 бет
14	Пайдаланылған әдебиеттер	32 бет

## КІРІСПЕ

Сен де—бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар, қалан!  
**Абай Құнанбаев**

Қазіргі жағдайда технологиялық еңбек нарығы өзінің құрылымында қарқынды даму кезеңінен өтуде, көптеген жаңа мамандықтарға өткір қажеттілік қалыптасуда. Ғалымдардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай қазіргі кезде бар мамандықтардың жартысына жуығы жасанды интеллектпен алмастырылады. Ол оңай регламенттеуге болатын мамандықтар. Жасанды интеллект адамды алмастыра алмайтын салада «күрделі» мамандықтар сұранысқа ие болып қала береді. Мұның бәрі жастардың мамандық таңдау мәселесіне жоғарғы қызығушылығын туғызады.

Көптеген оқушылар бейіндік пәнді таңдауда саналы қадамға бармайды. Олардың таңдауы көбінесе мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант көлемімен, мектепте оқытылатын таңдау пәнінің жеңілдігі, ата-анасының және достарының ұсыныстарымен анықталады.

Бұл мәселені шешудің тиімді тәсілі білім беру ұйымдарында білім алушыларды мамандыққа бағдарлау жұмыстарын жүргізуші педагог –кәсіби бағдар беруші болып табылады. Бұл жұмыс үлкен өмірге қадам басқан адамға көмек беретін жүйелі іс-шараларды қамтиды, ғылыми негізге сүйеніп кәсіптік таңдау жасау немесе мамандыққа бағыттауға арналған тәрбие жұмыстарының жүйесін дамыту мақсатында, білім алушының өз бетінше мамандық таңдау кезеңінде көмек көрсетуге бағытталуы тиіс.

Өмір бойы оқуға, білім беру, өмір және жұмыс жағдайындағы әртүрлі рөлдерді орындауға, сондай-ақ саналы шешімдер, соның ішінде саналы түрде мамандық таңдау арқылы өз өмірін қалыптастыруға дайын тұлғаны тәрбиелеу білім беру жүйесінің басты міндеті болып табылады.

Қазіргі таңда, балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Қазақстанда жасөспірімдердің жартысынан көбі кең таралған мамандықтарды таңдайды. Осы бағытта жаңа трендтегі мамандықтарды насихаттап, бағыт беруде Батыс Қазақстан облысында 248 педагог - кәсіби бағдар беруші қызмет атқаруда. Сонымен қатар білім беру ұйымдарында 87 кәсіби бағдар беру кабинеттері ашылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев техникалық мамандықтардың маңыздылығын атап өткен болатын. Жүздеген жас қазақстандық Google, Amazon және әлемге әйгілі басқа да компанияларда жұмыс істеуде.

Біз де шәкірттеріміздің қажетті, заманауи мамандықтарға деген қызығушылығын арттыруға қолдау көрсетуіміз қажет. Осы бағытта "Қазақстанның жаңа кәсіптері мен құзыреттерінің атласы" платформасы мен

"EduNavigator" кәсіптік бағдар беру платформасының көмегімен жоғары сынып оқушыларының өз болашақ мамандығын таңдауға және «QABILET» қызметі платформасы оқушылардың қабілетін диагностикалау және кәсіптік бағдарлау мүмкіндіктері қарастырылған.

2022-2023 оқу жылынан бастап республика мектептерінде "педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27394 болып тіркелген) педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы енгізілді.

**Мақсаты:** педагог –кәсіби бағдар берушіге орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын кәсіптік бағдарлаудың кешенді жүйесін ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік көмек беру.

Аталған әдістемелік ұсынымда педагог-кәсіби бағдар берушінің лауазымдық міндеттері, жоспарлау, диагностика жүргізу механизмін әзірлеуге басымдылық берілді.

### **Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмысы**

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы кәсіби бағдар беру жұмысы дәстүрлі тәсілдер негізінде жүргізіледі және ол орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) жүйесіне енгізілген, бұнда барлық іс-әрекет баланың жас ерекшелігіне бағытталған, сонымен қатар бейін алды және бейінді оқытудың барлық деңгейлерін қамтиды.

**Бастауыш білім беру (1-4-сыныптар).** Бастауыш білім беру деңгейінде (1-4-сыныптар) кәсіптік бағдар беру жұмысы барысында бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері ескерілуі және ересектерге еліктеу мен жетістіктерге жету басты мақсат болуы тиіс. Сондықтан, бастауыш сынып білім алушыларының ата-аналарының, мұғалімдерінің, туыстарының, жақын таныстарының, яғни олар үшін маңызды адамдардың мамандықтарына көңіл аудару, білім берудің бастапқы деңгейіндегі кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты болып табылады. Аталған жұмыс сабақ барысындағы іс-әрекеттер және сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Тақырыптық сайыстар, ойындар, викториналар, түрлі мамандық иелерімен кездесулер өткізу, тақырыптық сынып сағаттары және басқа да іс-шара түрлері бастауыш сынып білім алушыларымен жүргізілетін кәсіби бағдар беру жұмыстары болып табылады. Бұндай іс-шараларға ата-аналарды қатыстыру оның тиімділігін арттырады.

**Негізгі орта білім беру деңгейі (5-9-сыныптар).** Негізгі орта мектепте де кәсіби бағдар беру жұмысы білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып және оқу процесі барысында оқу пәндері аясында, сонымен қатар еңбекке баулу, бейіналды дайындық (7-9-сыныптар), сыныптан тыс іс-шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл жас аралығында еңбек түрлеріне адамгершілік қарым-қатынас қалыптастыру, тұлғалық құндылықтар жүйесін анықтау жасөспірімдердің болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауында маңызды болып табылады. Сонымен қатар, жасөспірімдердің алдында оқуды мектепте жалғастырсам ба, әлде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде жалғастырсам ба деген таңдау мәселесі пайда болады.

Педагог –кәсіби бағдар беруші психологтармен бірлесе тестілеу жұмыстарын жүргізеді, баланың мамандық икемділігін, физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын зерттейді, бұл жасөспірімге өзінің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін білуге көмектеседі. Бұдан әрі еңбек қызметі салаларының түрлі мамандықтары бойынша психологиялық сипаттамалар (психограмма) мен мамандық сипаттамаларын (профессиограмма) зерделеудің көмегімен, балаларға оларды қызықтыратын мамандықтарға байланысты талаптардың ерекшеліктеріне көңіл аудару ұсынылады, бұл олардың болашақта аймақтың әлеуметтік жағдайына және еңбек нарығындағы талаптарға бейімделе отырып өзінің кәсіби өсуін ойдағыдай құруына жағдай жасайды. Бұның бәрі 5-9-сынып оқушыларының жоғары сыныптарда оқуы үшін негізделген бейінді оқуды таңдауына немесе білімін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында жалғастыруына көмектеседі. Орта білім берудің негізгі деңгейінде кәсіби бағдар беру жұмысын осындай тәсілмен ұйымдастыру және жүргізу жағдайында әр оқушы болашақ білім алуының бейінін саналы түрде таңдайды, өзінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына байланысты және еңбек нарығының сұраныстары мен ұсыныстарын ескере отырып білім алу бағытын жоспарлайды.

**Жалпы орта білім беру (10-11-сыныптар).** Жоғары сынып білім алушыларының (16-17 жас) бойында өмірлік құндылықтар мен мақсаттар, келешек жоспарлар, сонымен қатар болашақ мамандығы, білім деңгейінің өсуі туралы көзқарастары қалыптасатын кезең. Бейінді оқыту білім алушылардың ақыл-ой өрісін тәрбиелеуге ықпал ететін жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардан тұрады. Жоғары мектепте оқытуды бейіндендіру мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерінің алдында пәндерді оқытуды кәсіптік бағдар берумен кіріктіру мақсатын қойып отыр. Бұл мектеп түлектерінің кәсіптің және өмірлік бағытын анықтауға көмектеседі.

Кәсіби бағдар беруде бірнеше білім беру құндылықтарында басымдылық беріледі.

### **Білім беру құндылықтары**

- 1) **Отаншылдық және азаматтық жауапкершілік** – өз халқының дәстүрі мен тарихын құрметтеу, мемлекеттік тілді білу, қоғамға жауапкершілікпен қызмет ету және жасампаз азаматтық белсенділік таныту арқылы өз Отаны үшін қажет және пайдалы болуға ұмтылу.
- 2) **Құрмет** – адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, этикалық нормалар мен әлеуметтік жауапкершілік принциптерін сақтау.
- 3) **Ынтымақтастық** – әртүрлі құндылықтарды, көзқарастарды және мәдениеттерді түсініп, құрметтей отырып, топта тиімді жұмыс істей білу.
- 4) **Еңбек және шығармашылық** – адал еңбекті бағалай білу, мақсатқа жетудегі күш-жігер мен табандылық, жаңа құндылықтарды қалыптастыруда білім мен дағдыларды шығармашылықпен қолдану.
- 5) **Ашықтық** – сананың ашықтығы, эмоционалдық кемелдік және айналаға жанашырлық таныта білу қабілеті.
- 6) **Өмір бойы білім- алу** – цифрлық және инновация дәуірінде үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамыту арқылы үнемі білімге ұмтылу және ой-өрісін кеңейту.

## Нормативтік құқықтық сүйемелдеу

Кәсіби бағдар беруші педагог келесі құжаттарды басшылыққа алып жұмыстанады.

- ✓ 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы;
- ✓ «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- ✓ «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заң;
- ✓ «Сапалы білім» Білімді ұлт» ұлттық жобасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 хабарламасы);
- ✓ Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз);
- ✓ Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар)
- ✓ «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы

"Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген Тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

## Педагог-кәсіби бағдар берушінің лауазымдық міндеттері

### Лауазымдық міндеттері:

- мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;
- оқушылардың кәсібін саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады;
- білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау бойынша шешім қабылдауда көмек көрсетеді;
- қызығушылықтарын анықтау бойынша диагностика жүргізеді, кәсіби бағдарлы диагностиканы талдайды;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді психологиялық қолдауды жүзеге асырады,

олардың дамуына жәрдемдеседі;

- кәсіпорындарда экскурсиялар өткізеді, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелесулер) ұйымдастырады;
- кәсіби құзыреттілікті арттырады, заманауи әдістер мен технологияларды қолданады;
- белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді;
- балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

### **Білуге тиіс:**

- Қазақстан Республикасының , Қазақстан Республикасының Конституциясы Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогика, педагогикалық психология; психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері; компьютерлік сауаттылық, оқу процесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар; педагогикалық этика нормалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.

-

### **Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

#### **1) "Педагог":**

- сәйкес келуі тиіс жалпы талаптарға қойылатын педагог-профориентатор, сондай-ақ: мектепте кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдарлау жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді; оқушылардың өзін-өзі кәсіби анықтау әдістемелерін әзірлеуді және байқаудан өткізуді жүзеге асырады; кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша оқушылардың

қызығушылықтарына зерттеу жүргізеді; өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады;

## 2) "педагог – модератор":

- "педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: оқушыларға еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес мамандық таңдауға көмек көрсетеді, әр оқушының жеке бағытын жасауды үйлестіреді; ұйымдастырушы-педагогтермен-сынып жетекшілерімен, педагог-психологтармен және медицина қызметкерлерімен бірлесіп Оқушылардың психофизиологиялық дамуына, жеке қызығушылықтары мен уәждемелеріне талдау жүргізеді; оқушылардың жеке ерекшеліктері мен оқу жетістіктерін диагностикалау негізінде оқушылармен, олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен консультациялық жұмыс жүргізеді; кәсіптік бағдар беру мәселелерінде әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

## 3) "педагог – сарапшы":

- біліктілікке сәйкес келуі тиіс: "педагог-модератор", сондай-ақ: оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау және мансапты жоспарлау мәселелерінде бағдарламаларды, ережелерді, жоспарларды, меморандумдарды, әлеуметтік практикаларды, жобаларды және өзге де құжаттарды әзірлеуге және іске асыруға қатысады; жеке сандық білім беру ресурстарын жасайды; өңірлік еңбек нарығындағы қажеттіліктер туралы әдістемелік және анықтамалық материалдарды жинауды, талдауды және жүйелеуді жүзеге асырады; кәсіби кеңес беру мен кәсіптік бағдарлау жұмысының заманауи отандық, шетелдік тәжірибесін жинақтайды, жүйелейді және практикаға енгізеді;

## 4) "педагог-зерттеуші":

- "педагог-сарапшы" біліктілігіне, сондай-ақ: азаматтық сана-сезімі мен патриотизмі бар оқушы тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың жеке қабілеттері мен академиялық адалдығын дамытуға ықпал етеді; оқушылардың жеке қабілеттерін диагностикалаудың заманауи әдістерін қолданады, оқушылармен жұмыста нәтижелілікті қамтамасыз етеді; оқушының қызығушылығы мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мұғаліммен бірге негізгі және жоғары мектептерде оқу үшін бейінді пәндерді таңдауға жәрдемдеседі; бойынша іс-шаралар, семинарлар, мастер-кластар өткізеді. кәсіби кеңес беру және кәсіби бағдар беру жұмысы;

## 5) "шебер-педагог":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне, сондай-ақ: авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлдау алған, басып шығарылған оқу-әдістемелік құралдардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (тең авторы) болу; тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау,

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

## **Кәсіби бағдарлау түрлері**

**Кәсіби бағдар** – білім алушының кәсіби қызығушылығына, жеке қабілеттері мен психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім алудағы және кәсіби саладағы мүмкіндіктерді, мамандықты және оқу орнын еркін әрі саналы түрде таңдау құқықтарын іске асыруда ақпарат беру және консультациялық көмек көрсету.

Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі бағыттары:

- Кәсіби ақпарат;
- Кәсіптік тәрбие;
- Кәсіби кеңес.

### **Кәсіби бағдарлау түрлері:**

1) **кәсіби ағарту** – әртүрлі мамандықтардың әлеуметтік-экономикалық және психофизиологиялық ерекшеліктері туралы адамның белгілі білім (ақпарат) жиынтығымен қарулануы; олардың бірін дұрыс таңдау шарттары туралы; адамның кәсіби және қоғамдық қызмет түрлеріне оң көзқарасын тәрбиелеу; уәжделген кәсіби ұмтылысын қалыптастыру. Кәсіби ағарту екі элементті құрайтын ақпараттан тұрады: кәсіби насихат және кәсіби үгіт – қажетті мамандықтар туралы адамға мәліметтерді хабарлау және сол мамандықтарды игеру шарттары мен тәсілдері туралы ақпараттандыру, республикаға, өңірлерге қажетті әлеуметтік маңызы бар әрі тапшы мамандықтарды насихаттау;

2) **кәсіби диагностика** – кәсіби бағдар тестілер әдістемесін қолданып адамның тұлғалық ерекшелігіне немесе таңдауына жақын келетін мамандықтарға сәйкестігін анықтау мақсатында оның тұлғасын, қызығушылығын, қабілетін, бейімділігін зерделеу;

3) **кәсіби консультация** – қоғам сұранысы мен жеке тұлғалық қасиеттерінің мүмкіндіктеріне сай мамандық таңдауда, кәсіби мансапты жоспарлауда көрсетуге негізделген кәсіби бағдар жүйесінің құрамдас бөлігі; адамның дара ерекшеліктерін ұзақ зерделеу негізінде кәсіби өзіндік анықталуын дамыту бойынша адам қызметін мақсатты басқару. Кәсіби консультация кеңес алушының зияткерлік, физикалық, психологиялық ерекшеліктерін, жалпы және кәсіби дайындық пен қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін, қандай да бір мамандық бойынша қызметкерге қойылатын медициналық және психологиялық талаптарды, мамандыққа қоғамдағы сұранысты, мамандық бойынша оқыту мен жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін ескере отырып жүргізіледі;

4) **кәсіби іріктеу** – нақты еңбек түріне адамның жарамдылығын (сәйкестігін) анықтау;

5) **кәсіби жарамдылық** - еңбектің қолайлы тиімділігіне қол жеткізу үшін қажетті зияткерлік, физикалық, психологиялық қасиеттер, сондай-ақ арнайы құзыреттіліктердің жиынтығы. Кәсіби жарамдылық деңгейін анықтау үшін әртүрлі диагностикалық құралдар қолданылады: жетістік тестілері, кәсіби маңызды психофизиологиялық және психологиялық қызметтерді тестілеу, мотивацияны, құндылық бағдарды зерделеу тестілері т.б. Кәсіби жарамдылық деңгейін анықтау тек қабілетті зерттеу тестілерімен шектелмеуі қажет.

6) **кәсіби бейімделу** – адамның өндіріске, жаңа әлеуметтік ортаға, еңбек шарттары мен нақты мамандық ерекшеліктеріне бейімделудің белсенді процесі арқылы іске асырылады.

## Кәсіби бағдар беруші педагогтің оқу жылына арналған үлгі жұмыс жоспары

Ұсынылған педагог – кәсіби бағдар берушінің үлгі жоспарын таңдауда білім беру ұйымының балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, жергілікті жердің ерекшеліктері ескеріліп жасалады. Көрсетілген бағыттар бойынша жылға немесе айға бөліп жасауға да болады. Педагог –кәсіби бағдар берушіге үш құжат толтыруға болады. 1 – нысандағы құжатты білім беру ұйымының басшысымен бекітеді. 2- нысандағы құжатты электронды түрді толтыруға болады. 3-ші нысандағы құжатты толтыру немесе толтырмау ерікті болып табылады.

### Мақсаты:

- әрбір оқушыны жеке мүдделерін, оқу жетістіктері мен қоғамдық қажеттіліктерін ескере отырып, саналы және саналы кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындау;
- оқушылардың, олардың заңды өкілдерінің оқушы мамандығын таңдауға психологиялық дайындығын қалыптастыру.

### Міндеті:

- әр оқушының кәсіби бағытын диагностикалау;
- оқушылар мен заңды өкілдерді, оқушыларды кәсіби өзін-өзі анықтау мен мансапты жоспарлаудың негізгі принциптерімен таныстыру;
- әр оқушыға мамандық таңдауда көмек көрсету және оқушының мүмкіндіктерін жеке мамандықтарға қойылатын талаптармен салыстыру;

Нысан -1

№ P/C	ІС-ШАРАЛАР МАЗМҰНЫ	СЫНЫП	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ	АЯҚТАЛУ НЫСАНЫ
<b>I. ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ</b>					
1	Д. Голланд тестін өткізу	9 сынып	Ақпан	Педагог-кәсіби бағдар беруші	
2	Мамандық таңдау бойынша Диагностика- Т. В. Матолиннің жеке басының сипаттамалық ерекшеліктерін жедел диагностикалау әдістемесі	8 сынып	Наурыз	Педагог-кәсіби бағдар беруші	
3	"Ақылды бейсенбі" жобасы аясында оқушылардың түрлі кәсіптердің қызықты өкілдерімен кездесуі	8 сынып		Педагог-кәсіби бағдар беруші Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	
4	Жыл сайынғы түлектер кездесуін өткізу			Педагог-кәсіби бағдар беруші Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	
5	"Ашық есік күндері" Оқушылардың университеттер			Педагог-кәсіби бағдар беруші, сынып	

	мен колледждерге баруын ұйымдастыру			жетекші, куратор	
<b>II. АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС</b>					
7	Ата-аналармен ЖОО туралы ақпарат жиналысы	III тоқсан	Наурыз	Сынып жетекші, Педагог-кәсіби бағдар беруші	
8					
9					
<b>III. КЕҢЕС БЕРУ</b>					
10	Бейіндік пәндерді таңдау бойынша оқушыларға кеңес беру	7-10 сынып	Жыл бойы	Педагог-кәсіби бағдар беруші	
11	Грантқа қажетті құжаттар жинау бойынша кеңес	11 сынып	мамыр	Педагог-кәсіби бағдар беруші	

### **Кәсіби бағдар беруші педагогтің консультацияларын есепке алу журналы**

**Нысан – 2**

Күні	Консультация алушы		Проблема	Консультация нәтижесі	Педагог- кәсіби бағдар беруші
	Жасы (сыныбы)	Есімі			

### **Оқушылардың қызығушылықтары бойынша деректер банкін құру**

Оқушылардың қызығушылығы бойынша деректер банкін жасарда білім беру ұйымының дербестігі, онда балалардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, жергілікті жердің ерекшеліктері ескеріледі. Оқушы санына байланысты бастауыш, орта, жоғары сынып бойынша бірге немесе бөлек жасауға болады. Осы жинақталған тізім бойынша оқушылардың қызығушылықтарына байланысты кездесулер, ортақ қызығушылықтары бойынша қызықты шаралар ұйымдастыруға болады. Деректер банкін құру ерікті түрде жүргізіледі.

№	Оқушының аты-жөні	Қызығушылығы (музыкаға қызығушылығы бар оқушылар)
1		
2		
3		
		(сурет салуға қызығушылығы бар оқушылар)
1		
2		
		(спортқа қызығушылығы бар оқушылар) т.б
1		
2		

**Қосымша -1****Білім алушының кәсіптік бағдар беру диагностикасы үшін деректерді  
жинауға және өңдеуге келісім-хат**

Мен, (ТАӘ) \_\_\_\_\_,  
(аты-жөні) \_\_\_\_\_ білім алушы,  
Туған күні \_\_\_\_\_ сынып \_\_\_\_\_, Мектеп \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ анасы / әкесі / заңды өкілі / қамқоршысы,  
кәсіптік бағдар беру жұмысы және оқыту бейінін/ бағытын түзету мақсатында  
зерттеу/ диагностика деректерін жинауға, өңдеуге және оқу орнының  
педагогтарымен бірлесе талдау үшін жіберуге келісім  
беремін \_\_\_\_\_.

Ешқандай шағымдар мен қарсылықтарым жоқ \_\_\_\_\_


Күні:

Кәсіптік бағдар беру бойынша сайттар мен әлеуметтік желілер тізімі

Қазақстан Профориентологтар Ассоциациясының инстаграм парақшасы. Парақшада кәсіби бағдар бер бойынша тікелей эфирлер ұйымдастырылады.



Каналдың негізгі мақсаты Қазақстанда дұрыс мамандық иелерін, кадрларды тәрбиелеу, елдің дамуына ықпал ету.



Қазақстан Республикасындағы жаңа мамандықтар мен құзыреттердің Атласы. Жаңа мамандықтар мен құзыреттердің атласы-сарапшылардың пікірінше, жақын арада пайда болатын жаңа мамандықтар жиынтығы.



## **Білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикалау бойынша ұсыныстар**

Диагностика кез-келген диагностикалық әдістерді пайдаланудан алынған деректер категориялы қорытындылар үшін негіз бола алмайтынын есте сақтау керек. Кез-келген әдіс - тек қосымша талдау және нақтылауға мұқтаж тақырып туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін көмекші құрал, ал диагностикалық әдістердің нәтижелері тақырыппен болашақ мансаптық бағыттауды бастау үшін бастапқы нүкте болып табылады.

Осылайша, кәсіби диагностика әдістер мен әдістерінің ауқымы өте кең және әртүрлі. Бұл кәсіби бейімделу мен өзін-өзі анықтау феноменінің көп өлшемділігіне, оның басты көрсеткіші саналы кәсіби таңдау жасауға, кәсіптік бағдарлауға, қызығушылыққа, бейімділікке, қабілеттерге және т.б. байланысты.

***Оқушыларыңызды тестілеуге шақырған кезде еріктілік принципін ұстаныңыз, әйтпесе бұл жұмыстың пайдасы болмайды!***

Бұл QR код арқылы кәсіби кеңесші -психолог Галина Резапкинаның кітаптары мен фильмдерінен әдістемелер, тесттер, мақалалар мен үзінділерді таба аласыз. Барлық материалдар тегін орыс тілінде беріледі.



Келесі QR код арқылы 500-ден астам кәсіби психодиагностикалық әдістерді пайдалануға болады. Барлық тестілер толығымен тегін, нәтижелер бірден және толық көлемде беріледі, sms пен растау қажет етпейді. Сайт орыс тілінде.



Сіздің архетипіңе сәйкес Қазақстанның оқу орындарында мамандық пен оқу бағдарламасын таңдайтын кәсіби бағдар беру платформасы. Сайт қазақ және орыс тілінде. Қазіргі таңда сайтта толықтырулар жүргізілуде.



Төменді көрсетілген сауалнамала, тесттерді пайдалануға болады.

- **20 сұрақтан тұратын дифференциалды диагностикалық сауалнама**

Авторы Э.Климов.

**Мақсаты:** 6-7 сынып оқушыларына адамның әртүрлі қызмет түрлерінде жұмыс істеуіне бейімділігін арналған. Сауалнама адамның барлық жұмыс түрлерінің 5 түрге бөліну идеясына негізделеді: адам-табиғат, адам-техника, адам-адам, адам белгілерінің жүйесі, адамгершілік бейнесі. Тесттің соңында экран диаграммада көрсетілген нәтижелерді автоматты түрде көрсетеді. Диаграмма пәннің әртүрлі кәсіби салаларға бейімділігін көрсетеді.

- **30 сұрақтан тұратын дифференциалды диагностикалық сауалнама**

Авторы Э.Климов.

**Мақсаты:** 7-9 сынып оқушыларының жеке қасиеттерін, кәсіби мамандық түрлеріне бейімділігін зерттеуге арналған. 30 сұрақтан тұрады. Сынақ нәтижелері экранда әр түрлі кәсіби салаларға бейімділік дәрежесін көрсететін диаграмма түрінде көрсетіледі.

- **120 сұрақтан тұратын «Қызығушылық картасы».**

Авторы А.А. Голомшток.

**Мақсаты:** Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктерін анықтау. 8-9 сынып оқушыларына арналған әдістеме. Сауалнамада 120 сұрақ 15 тақырып бойынша бөлінген: математика, химия, биология және ауыл шаруашылығы, геология және география, инженерия, радиотехника, журналистика және филология, құқық, тарих, педагогика, медицина, жеке қызметтер, әскери өнер және спорт, орындаушылық өнер, бейнелеу өнері. Тестілеу нәтижелері – субъектінің қызығушылығын және белгілі бір қызмет бағыттарына бейімділігін көрсететін сандық мәндер мен диаграммалар.

- **174 сұрақтан тұратын «Қызығушылық картасы».**

Авторы А.А. Голомшток.

**Мақсаты:** Оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын жеке сипаттамаларын анықтау. 9-11 сынып оқушыларына арналған модификациялау әдістемесі. 35 жасқа дейінгі ересектерге арналған техниканы пайдалануға рұқсат етілген. Анкетада биология, география, геология, медицина, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, физика, химия, инженерия, электротехника және радиотехника, металл өңдеу, ағаш өңдеу, құрылыс, көлік, авиация және теңіз қызметі, әскери сарапшылар, тарих, әдебиет, журналистика, әлеуметтік қызмет, педагогика, заң және юриспруденция, сервис және сауда, математика, экономика, шет тілі, бейнелеу өнері, сахна өнері, музыка, физкультура және спорт. Тестілеу аяқталғаннан кейін нәтижелер көрсетіледі – әрбір қызмет саласы үшін баллдар саны (0-ден 100-ге дейін), сондай-ақ субъектінің мүдделері мен әр түрлі қызмет бағыттарына бейімділігі бар диаграммалар.

- **Д. Голланд тесті.** Джон Голланд 14 жастан бастап қолдануды ұсынады.

**Мақсаты:** кәсіптік бағдарлаудың және жеке тұлғаның кәсіби даму түрлерін анықтау. Әдістеме кәсіптің жеке түрін бағалауға негізделген. Голланд

6 түрге: нақты, зияткерлік, әлеуметтік, дәстүрлі, кәсіпкерлік, көркемдік деп бөлді. Тест нәтижелері жеке тұлғаның кәсіби бейімделуінің және кәсіби дамуының басымдықтарын көрсететін диаграмма түрінде ұсынылған.

- **«Коммуникативтік және ұйымдастырушылыққа бейімділік» әдістемесі.** Авторлары В. Синявский және Б.А. Федоришин.

**Мақсаты:** коммуникативті және ұйымдастырушылыққа бейімділікті зерттеу, осы бейімділіктің деңгейін бағалау - өте жоғары, орташа, орташа, төмен. Техника әртүрлі жағдайларда олардың мінез-құлқының белгілі бір ерекшеліктері субъектілерінің рефлексия және бағалау принципіне негізделген.

- **Кәсіби дайындық сауалнамасы.** Авторы Л. Н. Кабдарова.

**Мақсаты:** кәсіптік бағдарланған дағдыларының қолжетімділігі, өзара үйлесуі және эмоционалды күшеюі туралы ақпарат алу. Сауалнама 9-11 сынып оқушыларына арналған. Ол эмоционалды қарым-қатынаста жеке тәжірибесі бар дағдыларды (білім беру, еңбек, әлеуметтік, шығармашылық және т.б.) жүзеге асыруда оқушылардың өз қабілеттерін өзіндік бағалауына негізделген 50 сұрақты қамтиды. Тесттің соңында экранды әрқайсысы кәсіби салалардағы «адам-табиғат», «адам-техник», «адам-көркем образ», «адам-адам», «адам дағдылы жүйесі» пәндік дағдылар, көзқарастар және тілектерін көрсететін нәтижелерді автоматты түрде көрсетеді.

- **Бағдарлау сауалнамасы.** Авторлары В. Смекал және М. Кучер.

**Мақсаты:** оқушылардың жеке, ұжымдық, іскерлік бағдарлануын зерттеу. 10-11 сынып оқушыларына және қарт адамдарға арналған. Сынақ нәтижелері субъектінің өзіне, өзара қарым-қатынаста және тапсырма бойынша бағдарлау дәрежесін көрсетеді: жоғары деңгейде, орташа, орташадан төмен, төмен.

- **Мотивация тәсілдері коммуникацияны қажет етеді.**

Авторлары М. Ю. Орлов, В. И. Шкуркин, Л. П. Орлов.

**Мақсаты:** жастардың пікірін, мүддесін және өзін-өзі бағалауын зерттеу; қарым-қатынас қажеттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Тестілеу нәтижелері байланыс қажеттіліктерінің деңгейін көрсететін диаграмма түрінде көрсетіледі - төмен, орташа, орташадан жоғары немесе жоғары. Сондай-ақ, алынған нәтижелердің түсіндірілуі бар.

- **«Кәсіби бірегейлік» әдістемесі.** Авторы А. А. Азбель

**Мақсаты:** Кәсіптік сәйкестік мәртебесінің ауырлығын анықтау. Техника оқушыларға кәсіби өзін-өзі анықтаудың «қадамдары» қандай болатындығын анықтауға көмектеседі және сол уақытта олардың кәсіби таңдау мәселелеріне қатысты

## Білім алушының кәсіптік бағдары картасы

Кәсіптік бағдар картасымен жұмыс істеу кәсіптік кеңес беру мақсатында әрбір білім алушының ерекшеліктері туралы білімді пайдалану және жұмылдыру тәсілдерінің бірі болып саналады. Ұсынылған кәсіптік бағдар карталарын әр білім алушыға мектеп психологының басшылығымен сынып жетекшілері толтырады, бұл оқушы туралы білімді жүйелеуге және оның өзін-өзі кәсіби анықтау процесіне әсер етуге жағдай жасайды. Карта мамандық таңдауда тұрақты шешімге келмеген, психологтың кәсіптік кеңесіне мұқтаж білім алушыларды анықтауға және кәсіптік кеңес жұмысының нәтижелі болуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Үлгі

### 11-сынып білім алушысының кәсіптік бағдар картасы

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_ Сыныбы \_\_\_\_\_ Толтырылған күні \_\_\_\_

1. Өзіңіздің сүйікті пәндеріңізді атаңыз \_\_\_\_\_
2. Өзіңізге ұнайтын мамандықтарды атаңыз \_\_\_\_\_
3. Өзіңізге ұнамайтын мамандықтарды атаңыз \_\_\_\_\_
4. Бос уақытыңызда немен айналысқанды ұнатасыз? \_\_\_\_\_
5. Қандай үйірмелерге, секцияларға, факультативтерге қатысасыз немесе қатыстыңыз? \_\_\_\_\_

**6. Төменде берілген іс-әрекеттер немесе білім саласының қайсысы сізді неғұрлым қызықтырады:**

- а) жаратылыстану-ғылыми (химия, биология, медицина, геология, ауыл шаруашылығы);
- б) дәл ғылымдар (математика, физика);
- в) қоғамдық-ғылыми (тарих, философия, экономика, құқық);
- г) гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педагогика, психология);
- д) өнер (музыкалық, театр, бейнелеу өнері);
- е) немесе нақты қызығушылық жоқ.

**7. Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдадың ба?**

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) таңдадым, бірақ таңдауымның дұрыстығына сенімді емеспін.

**8. Егер сен өзіңнің мамандығыңды таңдамаған болсан, не себеп болды?**

- А) мамандықтар туралы аз білемін;
- Б) мамандықты қалай таңдау керек екенін білмеймін; В) өз қабілеттерімді нашар білемін;
- Г) маған қандай мамандық лайықты екеніне сенімсізбін;
- Д) сенімді емеспін (а) (таңдау аттестаттағы бағаларға байланысты); Е) мені бірнеше мамандық қызықтырады;

Ж) бұл мәселе бойынша әлі ойланған жоқпын;

9.Егер сен мамандықты таңдаған болсан, оны көрсет \_\_\_\_\_

Ол мамандықты алу жолдарын белгіледіңіз бе? Қандай? \_\_\_\_\_

10.Сіз таңдаған мамандық саласында жұмыс істейтін туыстарыңыз немесе достарыңыз бар ма? \_\_\_\_\_

11.Сіз таңдаған мамандықты таңдағысы келетін достарыңыз бар ма? \_\_\_\_\_

**12. Сізге қандай жұмыс көбірек ұнайды? (қажетті дегендердің астын сызыңыз):**

1. Ересек адамдармен істейтін жұмыс.	14. Жалақысы жақсы жұмыс.
2.Балалармен істейтін жұмыс.	15. Романтикалық жұмыс.
3.Жеке істейтін жұмыс.	16. Еңбек жағдайлары.
4.Ұжыммен істейтін жұмыс.	17. Жұмыс процесінің өзі.
5.Аз қозғалатын жұмыс.	18.Қимыл еңбегі және жаңа әсер беретін жұмыс.
6.Жауапкершілігі аз жұмыс.	19. Өздігінен шешім қабылдауға болатын жұмыс.
7.Тыныш жұмыс.	20. Күрделі және қауіпті жағдаяттар болатын жұмыс.
8.Қимылды талап ететін жұмыс.	21. Шығармашылық мүмкіндігі бар жұмыс.
9.Өте жауапты жұмыс.	22. Иссапарларға жиі шығу.
10.Дене күшін талап етпейтін жұмыс.	23.Өнімді өз қолыңмен жасайтын жұмыс.
11.Көпшілік жұмыс.	24. Таза ауада істейтін жұмыс.

**13. Сізге қандай мамандықты таңдауды ұсынады:**

Ата-анаңыз \_\_\_\_\_ Мұғалімдер \_\_\_\_\_ Достарыңыз \_\_\_\_\_

14. Сүйікті пәніңіздің жанындағы бірінші бағанға 3 цифрін, онша емес – 2, мүлдем ұнатпайтын пәндеріңіздің жанына – 0 цифрін, екінші бағанға соңғы тоқсанның тоқсандық бағасын қойыңыз.

1	Қазақ тілі			14	Физика		
2	Қазақ әдебиеті			15	Химия		
3	Орыс тілі			16	Биология		
4	Орыс тілі			17	География		
5	Орыс әдебиеті			18	Қазақстан тарихы		
6	Қазақ тілі мен әдебиеті			19	Дүниежүзі тарихы		
7	Ана тілі			20	Құқық негіздері		
8	(Өзбек, ұйғыр, тәжік) әдебиеті			21	Өзін-өзі тану		
9	Шетел тілі			22	Дене шынықтыру		
10	Шетел тілі «екінші»			23	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық		
11	Алгебра және анализ бастамалары			24	Графика және жобалау		
12	Геометрия			25	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері		
13	Информатика						

15. Қандай оқу орнына түсуді жоспарлайсыз?  
\_\_\_\_\_

16. Диагностиканың нәтижелері

## 2022-2023 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысының үлгі жоспары

**Құрастырған:** Қуанышева Алтыnguль Кадимовна  
Қазақстан Профориентологтар Ассоциациясының мүшесі.  
Тренер.Аналитик

### Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының қызығушылықтары мен еңбек нарығындағы сұраныстар негізінде кәсіби бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру;
- оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіби бағдарлы қолдау көрсету.
- оқушылардың еңбекке саналы көзқарасын қалыптастыру, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау.
- Қоғамда сұранысқа ие мамандықтарды насихаттау.

### Міндеттері:

- Жұмыс мақсатында көрсетілген оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастырудағы жұмыстарды түрлі іс-шаралар жүргізу арқылы нәтижелілікке қол жеткізу.

№	Іс- шаралар мазмұны	Сынып	Мерзімі	Жауапты	Орындалу нәтижесі
<b>ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ</b>					
1.	Мектепте кәсіптік бағдар беру “Түлектер бұрышын” әдістемелік материалдармен толықтыру		Қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Әдістемелік материалдармен толықтырылады
2.	2022-2023 оқу жылына 1-11 сынып оқушыларының тізімін құру	1-11 сынып	Қыркүйек	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Оқушылар тізімі жинақталады
3.	Өткен оқу жылы бойынша мектеп түлектерінің кәсіби бағдар нәтижесін талдау.	9,11 сынып	Қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Сараптама жасалады
<b>Бастауыш сынып</b>					
4.	«Мен өскенде кім боламын?» тақырыбында сурет салу	3-4 сынып	қыркүйек	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Суреттер жинақталады
5.	«Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында түрлі бұйымдар жасау.	3-4 сынып	қазан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Бұйымдардан көрме ұйымдастырылады
6.	“Осындай мамандықтар бар!” тақырыбында балалар әдебиетіне шолу жасау.	1-4 сынып	қараша	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби	Кітапханамен байланыс жасалады.

				бағдар беруші	
8.	“Мамандықтың бәрі жақсы” тәрбие сағаттарын өткізу	1-4 сынып	қаңтар	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Тәрбие сағаттары өткізіліп, жоспарлары жинақталады.
9.	“Анам-әкем-жұмыста” ата-аналарының мамандықтары туралы бейнежазбалар әзірлеу	1-4 сынып	ақпан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Бейнежазбалар әзірленеді, үздік танылғандары марапатталады.
<b>Негізгі сынып</b>					
10.	Сауалнама алу. Қызығушылықтар диагностикасы.	5 сынып	қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Сауалнама толтырылып, нәтиже жинақталады.
11.	“Мамандықтың бәрі жақсы” көңілді үзіліс өткізу	5 сынып	қараша	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Мамандықтар туралы өлеңдер оқылады, көріністер қойылады.
12.	Сауалнама алу. Қызығушылықтар диагностикасы.	6 сынып	қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Сауалнама толтырылып, нәтиже жинақталады.
13.	«Мамандықтар шеруі» тақырыбында бейнероликтер байқауын өткізу.	5-6 сынып	қазан	Педагог-профориентолог	Үздік бейнероликтер анықталып, марапатталады.
14.	“Оқушының тұлғалық дамуы” тренинг	5-7 сынып	қараша	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	
15.	Сауалнама алу. Құндылықтарды бағалау.	7 сынып	қазан	Педагог-профориентолог Мектеп психологы	Сауалнама толтырылып, нәтиже жинақталады.
16.	“Менің қолымнан бәрі келеді!” тақырыбында презентация қорғау	7 сынып	қараша	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Оқушылар жұмыстары тыңдалып, үздіктері марапатталады.
17.	“Сенімділік!” айлығын өткізу	6-8	қазан	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	
18.	Сауалнама алу. Қызығушылықтарды анықтау бойынша тестілеу.	8 сынып	қазан	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Сауалнама толтырылып, нәтиже жинақталады.
19.	“Мың мамандық бар, таңдап, талғап бірін ал!” тақырыбында тәрбие сағатын өткізу	8 сынып	желтоқсан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Тікелей арнада тәрбие сағаты өткізіледі.
20.	“Менің болашақ мамандығым!” квест-ойын өткізу	8 сынып	қаңтар	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Квест ойын өткізіледі. Әлеуметтік желіге жарияланады.
21.	“Мамандығым-мақтанышым!” тақырыбында түрлі мамандық иелерімен дөңгелек стол өткізу	9 сынып	ақпан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Дөңгелек стол өткізіледі. Әлеуметтік желіге жарияланады.
22.	Арнаулы орта оқу орындарына саяхат жасау.	9 сынып	сәуір	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Саяхат жасалып, әлеуметтік желіге

					жарияланады.
23.	“Менің болашақ мамандығым” эссе жазу.	9 сынып	желтоқсан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Эссе жұмыстары жинақталады.
24.	“Армандар орындалады!” тренинг өткізу	9 сынып	қаңтар	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Тренинг өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
<b>Жоғары сынып</b>					
25.	Сауалнама алу. Кәсіптік бағдар беру диагностикасы.	10	қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Сауалнама толтырылып, нәтиже жинақталады және ата-аналарға сауалнама қорытындысы таныстырылады.
26.	"Біз таңдайтын жолдар!" түсіндірме жұмысын жүргізу	10	қыркүйек	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Түсіндірме жұмысы жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
27.	ҰБТ-ге дайындық бойынша қосымша сабақтар кестесін әзірлеу.	10,11 сынып	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	Кесте бекітіледі.
28	«Кемелдену» 10 күндік өткізу	9-11 сынып	қазан	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Ақыл-ойы толысқан тұлғаны қалыптастыру жолдарын ұсыну. Шараны өткізіп әлеуметтік желіге жариялау.
29.	ҰБТ тапсыратын пәндердің оқу үлгеріміне талдау жасау, сынама тест алу.	10,11 сынып	Айына 2 рет	Мектеп әкімшілігі	Мониторинг жасалады.
30.	«ҰБТ-ға 3 кеңес» тренинг өткізу	11 сынып	қараша	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Түсіндірме жұмысы жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
31.	«Уақытты дұрыс» пайдалану кеңес сағаттарын өткізу	10-11 сынып	қараша	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Түсіндірме жұмысы жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
32.	«Жетістік жолы» Айдары. Қонақпен әсерлі кеш өткізу	9-10-11 сынып	желтоқсан	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Кездесу кеші өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.
33.	«Жауапкершілік басты-ұстаным» жауапкершілік апталығын өткізу	7-11 сынып	желтоқсан	Педагог-кәсіби бағдар беруші Мектеп психологы	Жауапкершілігі жоғары оқушы марапатталады, ақпараттық тақтаға жарияланады
34.	“Менің арманым-менің болашағым” тақырыбында мамандармен кездесу кешін өткізу	11 сынып	қаңтар	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Кездесу кеші өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланады.

35.	«Гранттар. Мүмкіндіктер. Жоғарғы оқу орындары» тренинг	11 сынып	қаңтар	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Грантқа түсу үшін түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.
36.	«ҰБТ қиын емес» сенімділік тренинг	11 сынып	ақпан	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Сенімділікке қадам жасау жолдары ұсынылады.
37.	“Студенттермен кездесу !” кеш өткізу.	9-10-11	ақпан	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Кездесу кеші өткізіліп,әлеуметтік желіге жарияланады
38.	“Университет таңдауға көмектесетін 7 КРИТЕРИЙ!” атты тренинг өткізу.	11 сынып	наурыз	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Түсіндірме жұмысы жүргізіліп,әлеуметтік желіге жарияланады.
40.	“Елінді қорға,Жас Ұлан!” әскери мамандық өкілдерімен кездесу өткізу	9-11 сынып	наурыз	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Кездесу кеші өткізіліп,әлеуметтік желіге жарияланады.
41.	«5 сұранысқа ие мамандық» кеңес сабағын өткізу	9-11 сынып	наурыз	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Болашақта қажет мамандықтармен таныстыру, түсінік жұмыстарын жүргізу
42.	«10-дыққа кіретін жоғарғы оқу орындарының рейтингі» таныстырылым сабағы	10-11 сынып	сәуір	Педагог-кәсіби бағдар беруші	10-дыққа кіретін жоғарғы оқу орындарының рейтингімен таныстыру толық ақпарат беру.
43	«100 ең қажетті сервистік және индустриялық кәсіптер» таныстырылым өткізу	9-11	сәуір	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Ең сұранысқа ие мамандықтармен таныстырып,бағыт бағдар беру.
44.	“Бар мамандық-маңызды, Бар мамандық-қажет!”фестиваль өткізу	1-11 сынып	мамыр	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Жыл бойы атқарылған жұмыстар қорытындыланады
45	“Түлектер форумы!” мега жоба өткізу.	9-10	мамыр	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Әр жылғы мектеп түлектерімен қосылып жоба өткізіледі.
<b>АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС</b>					
46.	«Балаңыздың қандай маман болғанын қалайсыз?» жасөспірімдердің мамандық таңдау және өзін-өзі анықтау процесінде ата-аналардың рөлі туралы ата-аналар жиналысы	9,10,11 сынып ата-аналары	қазан	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Жиналыс өткізіліп,әлеуметтік желіге жарияланады.
47.	“Отбасы-бақыт менекі!” атты 5 күндік.Түлектерге ата-аналар тарапынан қолдау шараларын өткізу	11 сынып	қазан	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Түлектерге ата-аналар тарапынан қолдау ұйымдастырылады.
48.	“Қоғамдағы ата-ана бейнесі!” психологиялық семинар-тренинг	9-10-11 сынып және ата-аналар	қараша		Балаға ата-ананың үлгілі тұстары ұсынылады.

49	«Мамандық таңдаудағы ата-ананың ролі» коучинг өткізу.	9-10-11 сынып және ата-аналар	қаңтар	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Ата-ананың мамандығын дәріптеу.
50.	“Ашық есік “күнін өткізу.	9,10,11 сынып	Тоқсан сайын	Сынып жетекшілер Педагог-кәсіби бағдар беруші	Ата-аналар балаларының оқу үрдісін бақылайды.
<b>КӘСІБИ КОНСУЛЬТАЦИЯ</b>					
51.	Сынама тестер қорытындысы бойынша оқушылармен жеке әңгімелесулер жүргізу.	10,11 сынып	уақытында	Мектеп әкімшілігі	Оқушыларға бағыт-бағдар беріледі.
52.	“Жүз жол,бірі-сенікі!” Психологиялық тренинг өткізу	11 сынып	наурыз	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Оқушыға сенімділікпен дұрыс таңдауға кеңес ұсыныады.
53	Грантқа қажетті құжаттар жинауға ақпарат беру	11 сынып	маусым	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Грантқа түсу үшін толық ақпарат беріледі
54	Мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарының тізімімен таныстыру.	11 сынып	маусым	Педагог-кәсіби бағдар беруші	ЖОО туралы ақпарат беру.
55	Бөлінген гранттармен таныстыру	11 сынып	шілде	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Бөлінген гранттармен таныстыру
56	Жоғарғы оқу орындарының атауы мен кодымен таныстыру.	11 сынып	маусым	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Жоғарғы оқу орындарының атауы мен кодымен таныстыру.
57	ҰБТ сертификатымен жинаған баллына қарай оқушыға анализ жасап: 4 мамандық 4 жоғарғы оқу орын 4 қала таңдауға кеңес беру	11 сынып	шілде	Педагог-кәсіби бағдар беруші	Мамандық таңдауға анализ жасау.

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА  
ҚҰРМЕТТІ ӘКЕЛЕР МЕН АНАЛАР!**

1. Балаңызға болашақ мамандықты таңдау құқығын беріңіз.
2. Онымен бірге таңдаған мамандығының мүмкін болатын артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылаңыз.
3. Болашақ мамандықты таңдауды тек материалдық пайда тұрғысынан ғана емес, моральдық қанағаттану тұрғысынан да қарастырыңыз.
4. Болашақ мамандықты таңдауда балаңыздың осы мамандықта қажет болатын жеке қасиеттерін ескеріңіз.
5. Егер мамандық таңдауда келіспеушіліктер туындаса, кеңесші мамандармен кеңесу мүмкіндігін пайдаланыңыз.
6. Мамандық таңдауда балаға қысым жасамаңыз, әйтпесе бұл тұрақты қақтығыстарға айналуы мүмкін.
7. Егер баланың шыдамдылығы мен арманының орындалуын қаласа, оған қолдау көрсетіңіз.
8. Егер сіздің балаңыз таңдауда қателесе, оны бұл үшін ұрмаңыз. Қатені түзетуге болады.
9. Есіңізде болсын, балалар ата-аналарының кәсібіне деген қарым-қатынас дәстүрін қабылдайды!



**КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ МҮДДЕЛЕРІН АНЫҚТАУ БОЙЫНША  
САУАЛНАМА**

**(5-8 сыныптарға арналған)**

1. Мамандықтарды атаңыз:

а. Әкемнің мамандығы \_\_\_\_\_

б. Анамның мамандығы \_\_\_\_\_

в. Басқа

туыстар \_\_\_\_\_

2. Олар өз кәсібіне риза ма? \_\_\_\_\_

4. Сізге жақындарыңыздың қандай мамандықтары  
ұнайды? \_\_\_\_\_

5. Олардың мамандықтары туралы не  
білесіз? \_\_\_\_\_

6. Біздің заманымызда қоғамға, елге қандай мамандықтар қажет деп  
ойлайсың? \_\_\_\_\_

## Глоссарий

**Білім беру**-адамгершілік, зияткерлік, мәдени, дене бітімін дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен

оқытудың үздіксіз процесі;

**Кәсіптік бағдар беру**-білім алушыға білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласындағы құқықтарын іске асыруда, кәсіптік мүдделеріне, жеке қабілеттеріне және психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес кәсіп пен оқу орнын еркін, саналы түрде таңдауда ақпарат пен кеңес беру;

**Кәсіптік білім беру** – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызмет жүргізуге және (немесе) белгілі бір кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдылар мен құзыреттер алуға бағытталған білім беру түрі;

**Кәсіптік оқыту**-белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыларды игеру үшін тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту;

**Бейін алдындағы дайындық**-негізгі орта білім алушылар үшін жеке білім беру траекториясын таңдауды мақсатты педагогикалық сүйемелдеу; Біліктілік беру-кәсіптік қызметтің тиісті түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттердің, кәсіптік білімдердің, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығын растау рәсімі;

**Педагог-кәсіптік бағдар беруші**-мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырады, кәсіптік бағдар беру жұмысына ұйымдастырушылық әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

**Психодиагностика**- білім алушының жеке ерекшеліктерін, оның жеке бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға арналған болашақ кәсіби қызмет түрін таңдауға жарамды психологиялық-педагогикалық процедуралар кешені;

**Портфолио** - білім алушылардың орта білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде кәсіптік бағдарлау іс-шараларынан өту нәтижелері туралы дербес деректер базасы (қағаз немесе электрондық жеткізгіште);

**Кәсіби іріктеу** – психологиялық, психофизикалық және медициналық диагностика нәтижелері негізінде білім алушыға өзінің психологиялық, психофизикалық, физиологиялық ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келетін кәсіптік қызметтің ықтимал бағыттары туралы ұсыныстар беру;

**Кәсіби ақпарат** – білім алушыларды өндірістің заманауи түрлерімен, еңбек нарығының жай-күйімен, білікті кадрлардағы шаруашылық кешенінің қажеттіліктерімен, кәсіптер нарығының мазмұны мен даму перспективаларымен, оларды игеру нысандары мен шарттарымен, кәсіптердің адамға қойылатын талаптарымен, еңбек қызметі процесінде кәсіптік-біліктіліккөсу және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерімен таныстыру;

**Кәсіби кеңес беру-**білім алушыға кәсіби жолды таңдау туралы саналы шешім қабылдау мақсатында кәсіби өзін-өзі анықтауда көмек көрсету;

**Кәсіптік тәрбие** - оқушылардың бейімділігі мен кәсіби қызығушылықтарын қалыптастыруды қамтиды. Кәсіптік тәрбие бойынша педагогикалық жұмыстың мәні білім алушыларды оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарына, қоғамдық пайдалы және өндірістік еңбекке қатысуға, күштерді белсенді сынауға ынталандыру болып табылады. Бұл сіздің бейімділіктеріңіз бен қабілеттеріңізді практикалық тәжірибе арқылы білуге және анықтауға мүмкіндік береді. Бейімділік қызмет барысында дамиды, ал кәсіби білім кәсібиқызығушылықтар болған кезде сәтті жинақталады. Оқушының өзін әртүрлі іс әрекеттерде сынап көруі маңызды.

## Қорытынды

Жоғары да атап өткеніміздей , мектептегі кәсіби бағдар - бұл оқушыларды кәсіптер әлемімен таныстыруға, олардың жеке бейімділігі мен қызығушылықтарын анықтауға және жеке ерекшеліктеріне сәйкес одан әрі қызмет түрін таңдауға көмектесетін іс шаралар жүйесі. Бұл жұмыс жан-жақты, өйткені ол психологиялық, педагогикалық, медициналық-физиологиялық, әлеуметтік, экономикалық аспектілерге әсер етеді. Сондықтан да кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс нәтижелері білім беру ұйымының барлық қызметкерлерінің үйлесімді жұмысына байланысты.

Жоғары да берілген әдістемелік ұсыным Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, педагог –кәсіби бағдар берушінің жұмысын жүйелі жүргізу бағытында жасақталды.

Кәсіптік бағдардың бұл жүйесі білім алушыларға да, жас мамандарға да мамандықты саналы түрде таңдауларына және еңбек қызметі барысында өз әлеуеттерін толық жүзеге асыруларына көмектеседі.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. [https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750_);
2. [Галина Резапкина :: Программа предпрофильной подготовки : 1 урок. Самооценка и уровень притязаний. \(metodkabi.net.ru\)](http://metodkabi.net.ru)
3. [Исследование интересов и склонностей, профориентация \(psyttests.org\)](http://psyttests.org)
4. «Орта білім беру ұйымдарында едәуір сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтау және диагностикасын жүргізу механизмі» бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 194 б.
5. План мероприятий по профориентационной работе МОУ «Средняя школа № 57» г.Ярославль на 2020-2021 учебный год. <https://school57.edu.yar.ru/ucheniki.htm>

